

Айгерім Мұрат

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық
Университетінің докторанты
(Астана, Қазақстан)
e-mail: aigerim_murat@mail.ru*

**«ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ»
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ МӘНМӘТІНІНДЕГІ
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ**

Аңдатпа. Мақалада мемлекет пен қоғам диалогын қалыптастыру мен институцияландырудың әлемдік тәжірибесі ұсынылған, қоғамдық диалогтың қазақстандық моделіне және Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асырудағы рөліне талдау жүргізілген. Жүргізілген талдау көрсеткендей, елімізде 2019 жылдан бастап «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы табысты іске асырылуда. Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, Қазақстан Республикасы қоғамдық шарттың жұртшылықпен екі жақты қарым-қатынас қағидаттарына негізделген өзіндік моделін жасап шықты. Дегенмен, азаматтық қоғамның көмегіне сүйене отырып, дәйекті түрде шешілуі тиіс бірқатар мәселелер бар.

Түйін сөздер: қоғамдық диалог, қоғамдық кеңес, сенім, коммуникация.

Айгерім Мурат

**КАЗАХСТАНСКИЙ ОБЩЕСТВЕННЫЙ ДИАЛОГ В КОНТЕКСТЕ
РЕАЛИЗАЦИИ КОНЦЕПЦИИ «СЛЫШАЩЕГО ГОСУДАРСТВА»**

Аннотация. В статье представлен мировой опыт становления и институционализации диалога государства и общества, проведен анализ казахстанской модели общественного диалога и роли Национального совета общественного доверия в реализации концепции «Слышащего государства». Как показал проведенный анализ, Концепция «Слышащего государства», реализуемая в стране с 2019 года, с успехом претворяется в жизнь. Опираясь на международный опыт, Республика Казахстан, создает собственную модель общественного договора, в основу которого заложены принципы двусторонней коммуникации с общественностью. Тем не менее существует ряд проблем, которые необходимо последовательно решать при содействии гражданского общества.

Ключевые слова: общественный диалог, общественный совет, доверие, коммуникация.

Aigerim Murat

KAZAKHSTAN PUBLIC DIALOGUE IN THE CONTEXT TO IMPLEMENT THE CONCEPT OF THE “LISTENING STATE”

Abstract: the article presents the world experience in the formation and institutionalization of the dialogue between the state and society, analyzes the Kazakh model of public dialogue and the role of the National council of public trust to implement the concept of the “Listening State”. The analysis shows that the concept of the “Listening State”, which has been implemented in the country since 2019, is being successfully implemented. Based on international experience, the Republic of Kazakhstan is creating its own model of a social contract, which is based on the principles of two-way communication with the public. However, there are a number of problems that need to be addressed with the assistance of civil society.

Key words: *public dialogue, public council, trust, communication.*

Кіріспе

2021 жылғы желтоқсанда Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры басшылығының 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы жинақтарының жеткіліктілік шегін арттыру туралы жасаған мәлімдемесі халықты дүрліктірді. Осыған байланысты ел арасында жаппай наразылық орын алды: адамдар тіпті мардымсыз сомаларды да шешіп алып жатты, әлеуметтік желілерде жеткіліктілік шегін төмендетуді талап ететін онлайн-петицияға қол қою туралы сілемені тарату басталды, ал кейбіреулері зейнетақы жинақтарын шешіп алудың заңсыз тәсілдерін де қарастырды. Бір апта өткен соң, дүрбелеңге бой алдырған көпшілікке Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев зейнетақы жинақтарын алу үшін жеткіліктілік шегі 2022 жылдың 1 сәуірінен бастап өзгеретінін айтты. Президенттің жоғарыда аталған мәлімдемесін Қазақстан шын мәнінде «халық үніне құлақ асатын мемлекетке» айналып, елде қоғамдық-саяси қатынастардың жаңғыруы жүріп жатқандығының белгісі деп атауға бола ма?

Қоғамдық-саяси қатынастардың өзгеру тақырыбы ұзақ уақыттан бері саяси дискурста жетекші орындардың бірін алады. Қазақстанда бұл тақырып 2019 жылы азаматтардың қоғамдық-саяси белсенділігі шыңына жеткеннен кейін ерекше айқын көріне бастады. Халық елдегі саяси шешімдердің олардың қатысуынсыз қабылданатынына наразылығын білдіре бастады. Алматы марафоны кезінде «шындықтан қашып құтыла алмайсың» («от правды не убежишь») баннерін іліп қойған жас белсенділер Әсия Төлесова мен Бейбарыс Толымбековтың ұйымдастырған акциясының өзі неге тұрарлық. Оларды

тұтқындады, соттады және жауапқа тартты – 15 күнге қамауға алды. Аталған оқиға бүкіл елдің назарында болды, нәтижесінде сот шешімімен келіспеген Қазақстандық жастар «Oyan, Qazaqstan» атты азаматтық қозғалысты ұйымдастырды [1].

2019 жылғы тағы бір аты шулы әлеуметтік маңызды оқиға Ситер отбасының бес баласының қайтыс болуы болды, олардың ең кенжесінің жасы не бәрі 9 ай еді. Балаларды ақтық сапарға шығарып салуға жүздеген адам келді, ал келесі күні елордада және еліміздің басқа өңірлерінде көп балалы аналар мемлекеттің әлеуметтік қолдауының жеткіліксіздігі туралы мәлімдеп, наразылық шерулерге шықты [2]. Қайғылы оқиғадан кейін бірнеше апта өткен соң үкімет отставкаға кетті, ал 2019 жылғы наурызда Нұрсұлтан Назарбаев мерзімінен бұрын өкілеттігін тоқтатып, ел басқаруды Қасым-Жомарт Тоқаевқа тапсырды, ол 2019 жылғы қыркүйекте Қазақстан халқына Жолдауында әлеуметтік реформаларға бет бұрысты жариялады – «Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді іске асыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру мақсат етіп қойылды [3].

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, қазақстандық қоғамда әлеуметтік себептермен наразылықтар күшейе түсті, адамдар елдегі шешімдердің олардың қатысуынсыз қабылданатынымен үнсіз келісуден шаршады деген қорытынды жасауға болады. Осыған байланысты автор «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру мәнмәтінінде қоғамдық-саяси қатынастарды жаңғыртудың ағымдағы жай-күйін талдауды, атап айтқанда, осы Тұжырымдама іске асырылатын тетіктерді: әлсіз, күшті жақтарды қарастыруды мақсат етіп қойды.

Зерттеу әдістемесі

Осы мақсатқа жету үшін институционалдық әдісті, жүйелік және функционалдық талдау әдісін, Стратегиялық жоспарлау әдісі – SWOT талдауды қамтитын әдістер кешені қолданылды. Жоғарыда айтылғандардан басқа, автор баяндамалар, монографиялар, аналитикалық мақалалар және аналитикалық орталықтардың әлеуметтік деректерін пайдаланды.

Негізгі бөлім

2019 жылғы қыркүйекте еліміздің жаңадан сайланған президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты алғашқы Қазақстан халқына Жолдауымен ел алдында сөз сөйледі. Мемлекет басшысы Жолдауда «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының негізінде азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектеріне жедел әрі тиімді ден қою жатқанын, өйткені «Билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана қазіргі геосаяси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптастыруға болады» деп нақты атап өтті [3].

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – азаматтың мүдделері мен басымдықтарына негізделген мемлекет. Бұл халықпен кері байланыс тетігі тиімді жолға қойылған және кедергісіз орта қалыптасқан мемлекет. Кедергісіз

орта – бұл мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін әртүрлі мекемелердің физикалық қол жетімділігінің мүмкіндігі ғана емес, сонымен қатар кез-келген азамат үшін ақпараттық және коммуникациялық құралдар арқылы мемлекеттік құрылымдарға жүгінудің қол жетімділігі. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» азаматтардың сұраныстарын естуге ғана емес, сондай-ақ оларға жедел ден қоюға да қабілетті екенін атап өту қажет, өйткені онсыз билік пен қоғам арасындағы диалог мүлде мүмкін емес.

Қазіргі уақытта адамдар мемлекет деген биліктің белгілі бір адамдардың қолына шоғырлануы емес, мемлекет – бұл халық екенін түсініп отыр. Қазіргі саяси жағдайда мемлекеттік басқару демократиялық принциптерге және азаматтық қоғамның дамуына негізделген. «Дамыған азаматтық қоғамдарға келесі белгілер тән: біріншіден, көптеген әлеуметтік билік орталықтарының болуы, бұл тұрғыда азаматтық қоғам қатал, жалғыз өзі билейтін машинамен үйлесімді болмайды; екіншіден, өзін-өзі ұйымдастыру қабілетіне байланысты мемлекет тарапынан бақылауға кедергі келтіретін осы әлеуметтік билік орталықтарының салыстырмалы тәуелсіздігі; үшіншіден, азаматтық жауапкершілік сезімі, сондай-ақ өркениетті мінез-құлық және белсенді азаматтық ұстаным шынайы азаматтық қоғамның қажетті элементі болып табылады» [4].

Қазақстан Республикасының Конституциясында Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық деп айтылған. Шын мәнісінде солай ма? Қазіргі уақытта Қазақстан халқы елде болып жатқан саяси процестерге қаншалықты ықпал ете алады және жалпы саясатқа қызығушылық таныта ма? Бұл тұрғыда мемлекеттік басқарудың ашықтығы және оған халықтың мемлекеттік құрылымдарға тікелей пропорционалды сенімі маңызды рөл атқарады. «Билікке, оның саяси институттарына деген сенім азаматтық саяси мәдениеттің негізгі элементі болып табылады. Сенім болмаса, азаматтық қоғам да, күшті саяси билік те жоқ» [5].


2005 жылдан бастап Дүниежүзілік экономикалық форумның зерттеу тобы 141 елдегі саясаткерлерге деген сенім деңгейін зерттеп келеді. Зерттеу нәтижелері халыққа жүргізілген сауалнамалар негізінде қалыптастырылады және «The Global Competitives Report» есебіне енгізіледі. 2019 жылы жүргізілген соңғы сауалнама нәтижесінде Қазақстан 141 мемлекеттің арасында 55-орында тұр. Рейтинг нәтижелері құқықтарды қорғау, үкіметтің өзгеруге қабілеті, бюджеттің ашықтығы және т. б. сияқты 12 көрсеткіш бойынша бағаланады [6].

2019 жылы Қазақстанға келген пандемия көптеген мәселелердің бетін ашты, оның ішінде үкіметтің коммуникативтік мүмкіндіктерін көрсетті: азаматтардың сұраныстарына тиімді жауап бере алмау, коммуникация арналары арқылы ақпараттың уақтылы берілмеуі. Кейбір министрліктердің халықпен өзара іс-қимыл жасай алмауы, өз кезегінде, билікке деген сенім дағдарысына алып келді, мұны Еуразиялық интеграция институтының 2020 жылдың жазында жүргізген зерттеулері көрсетті [7].

Зерттеу барысында 14 қала-облыс орталықтарында, астанада және республикалық маңызы бар 2 қалада 53 сарапшыдан сұхбат алынды.


Сарапшылар арасында ғылыми қоғамдастықтың, білім беру саласының және ҮЕҰ өкілдері болды. Сауалнама өңірлердегі өмір сүру деңгейін бағалау, институттарға деген сенімді бағалау, жергілікті атқарушы органдардың қызметін бағалау, ақпараттық-коммуникациялық саясатты бағалау, ҮЕҰ қызметін бағалау және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл келешегін бағалау сияқты блоктарға бөлінді.

Критерийдің мәнмәтінінде билік институттарына деген сенімді бағалау бойынша сұралған респонденттердің жартысынан көбі (54,7%) Қазақстандағы өмір дұрыс бағытта дамып жатыр деп есептейді. Респонденттердің тағы бір бөлігі (39,6%) келіспейді және елдің дұрыс емес бағытта дамып жатқанына сенімді.



1-диаграмма. Билік институттарына сенім критерийді бағалау

Сондай-ақ, сарапшыларға халықтың мемлекеттік және қоғамдық институттарға деген сенім деңгейін 1-ден 10-ға дейінгі шкала бойынша бағалау ұсынылды, мұнда 1 – сенбейді, 10 – сенеді. Сауалнама нәтижелері халықтың саяси партияларға, кәсіподақтарға және мәслихаттарға деген сенімінің ең төмен деңгейі байқалатынын көрсетті. Ел Президентінің сенім деңгейі жоғары.



2-диаграмма. Кәсіби институттарына сенім критерийді бағалау

Бір қызығы, сарапшылардың пікірінше, халықтың блогерлерге деген сенім деңгейі ел үкіметіне деген сенім деңгейінен жоғары. Сенім деңгейі бойынша Президенттен кейінгі екінші орында шығармашылық интеллигенция тұр.

Осылайша, мемлекеттік институттарға деген сенімнің жалпы нәтижесі 10 балдық шкала бойынша 6,2 балға тең.

Үкіметке деген сенім саяси дискурста маңызды тақырып болып саналады. Бұл халықтың үкіметке деген сенімінің артуының отансүйгіштіктің өсуіне, саяси реформаларды енгізуге ықпал етуге қабілетті болуына байланысты. Халық үкіметке неғұрлым көп сенсе, елде жүргізіліп жатқан реформаларды соғұрлым жеңіл қабылдайды. Нәтижесінде, бұл мемлекетке жаны ашымайтын шенеуніктерден емес, халықтың сұраныстарын естуге және оларға ден қоюға қабілетті тиімді басқарушылардан тұратын мемлекеттік аппараттың жаңа бейнесін түзуі керек дегенді білдіреді. Еліміздің үкіметі халықтың билікке деген сенімін арттыру жолында қандай қадамдар жасауда?

ҚР Президентінің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауын іске асыру қадамдарының бірі ҚР Президенті Әкімшілігі жанындағы өтініштерді қарауды бақылау жөніндегі арнайы бөлімнің ашылуы болды. Аталған бөлім басшысы, ҚР Президентінің көмекшісі Тамара Дүйсенова атап өткендей, бір жыл ішінде аталған құрылым 30 000-нан астам өтінішті қарады. Сондай-ақ, Тамара Дүйсенова сұхбатында барлық мемлекеттік органдар үшін бірыңғай ақпараттық орта құруды көздейтін «е-өтініш» электрондық платформасын құру туралы жариялады [8]. Осы жылдың қараша айында ҚР Премьер-министрі Асқар Мамин «Nur Otan» партиясы саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде «е-өтініш» ақпараттық жүйесінің іске қосылғаны туралы хабарлады.

Осылайша, Президент жария еткен «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы негізінде қоғаммен диалог алаңын құру бағыты табысты жүзеге асырыла бастағанын атап өтуге болады.

Халықпен сындарлы диалог орната білу – демократиялық мемлекеттің белгісі. Ресейлік ғалым Л.В. Комарованың айтуынша: «Қоғамның мемлекетке деген сенімін қалпына келтіру – аталған субъектілердің саяси диалогы тиімділігінің жоғары деңгейіне қол жеткізудің негізгі кезеңі болып табылады». Л.В. Комарова қоғамдық диалогты жүзеге асырудың келесі жолдарын бөліп көрсетеді:

1. Билік пен қоғам арасындағы диалогтың өзара әрекеттесу тетіктерін үнемі жетілдіру, өйткені егер жүргізіліп жатқан саясат қоғамның көңілінен шықпаса, онда күрмеуі шешілмеген мәселелер жинақталып, кез-келген уақытта жарылады;

2. Тиімді және сапалы диалог орнату үшін халық саяси мәдениет пен қоғамдық сананың жоғары деңгейіне ие болуы керек. Өкінішке орай, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы халқының саяси мәдениетінің деңгейі жеткілікті деп айта алмаймыз;

3. Қоғамдық диалог мәдениеті проблемасын теориялық тұрғыда жан-жақты пысықтау қажет [9].

Шетелдік тәжірибе билік пен қоғамның өзара іс-қимылы мақсатында арнайы алаңдар құру әлеуметтік жанжалдардың алдын алудың ықпалды

тетігі болып табылатынын дәлелдейді. Мәселен, Қытайда диалогты жүзеге асыруға арналған алаң Халық өкілдері жиналысы институты болып табылады, Оңтүстік Кореяда бұл функцияны Президент жанындағы Еңбек саясаты мәселелері жөніндегі әлеуметтік экономикалық және әлеуметтік даму комиссиясы орындайды [10]. Ұлыбританияда мұндай рөлді үкіметтік емес ұйымдармен жұмыс жасау жолымен түрлі мәселелер бойынша азаматтарға кеңес беру жүктелген Азаматтарға арналған кеңес беру бюросы жүзеге асырады [11]. Францияда қоғаммен кеңесу процесі конституциялық деңгейде бекітілген. Консультациялардың институционалдық нысаны Францияның Экономикалық, әлеуметтік және экологиялық кеңесі болып табылады [12].

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасында келіссөздер жүргізу үшін әртүрлі аландар құру жолымен қоғамдық диалогты іске асыруға бірнеше талпыныс жасалды: Азаматтық қоғамды демократияландыру мәселелері жөніндегі Ұлттық комиссия, демократиялық реформаларды әзірлеу жөніндегі мемлекеттік комиссия, Жер комиссиясы. 2019 жылы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру аясында Мемлекет басшысының бастамасы бойынша ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Қоғамдық сенім кеңесі құрылды.

ҚР Президентінің ҰҚСК құру туралы шешімі уақытылы қабылданды – елде билік пен қоғам арасындағы сенім дағдарысы бұрыннан пісіп-жетіліп келе жатқан еді. ҰҚСК негізгі мақсаты – елде қалыптасқан мәселелерді зерттеу, анықтау және оларды шешудің тиімді тетіктерін әзірлеу. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бірінші құрамына зияткерлік элита, жұртшылық өкілдері, көрнекті қоғам және саяси қайраткерлері кірді. Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚСК құру мақсаттарын түсіндіре отырып, былай деді: «...азаматтық қоғамды қолдау және нығайту, оны шешу мақсатында неғұрлым өзекті жалпы мемлекеттік міндеттерді талқылауға тарту қажет. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі дәл осы мақсатта құрылды, ол ротациялық қағидат бойынша жұмыс істейтін болады» [3].

Құрамына белгілі қоғамдық-саяси тұлғалар енген Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің алғашқы отырысы 2019 жылдың қыркүйегінде өтті. Алғашқы отырыс барысында ҰҚСК мүшелері қоғамдық-саяси қатынастарды жаңғыртуға қатысты бірқатар ұсыныстар айтты: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жұмысына өзгерістер енгізу ұсынылды, себебі «БЖЗҚ-ға деген сенімнің төмендігі зейнетақы жүйесіне қатысудан толық жалтаруға және салынатын салықтарды төмендетуге әкеп соғады». Саясат Нұрбек адами капиталды дамыту қажеттілігі туралы: «... біз атап өткіміз келетін басты мәселе – еңбек кедейлігі. Егер сіз жүргізуші мен дәрігердің жалақысын алсаңыз, олардың арасындағы айырмашылық 20%-дан аспайды. АҚШ-та бұл көрсеткіш 261%, Германияда – 174%, Бразилияда – 172% құрайды. Бізде жоғары білікті, жоғары ақы төленетін мамандықтарға ынталандыру байқалмайды. Бұл өте күрделі мәселе» деген болатын [13]. ҰҚСК бірінші отырысының нәтижесінде саяси, әлеуметтік, экономикалық салаларда бірқатар реформалар қабылданды. Атап айтқанда, ҚР Президенті жастар мен әйелдер үшін партиялық сайлау тізімдеріне квотаның 30%-ын енгізуді, жұмыс күшін тартуға квотаны 40%-ға

дейін қысқартуды тапсырды, көп балалы отбасыларды әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша жаңа нормалар белгіленді, және т.б.

2019-2021 жылдар аралығында Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі 6 отырыс өткізді. ҰҚСК мүшелері көтерген мәселелер іс жүзінде бұқара халықтың мүдделерін көрсетеді. Отырыстарға тікелей қатысумен қатар, Мемлекет басшысы ҰҚСК мүшелерімен жеке кездесулер өткізетінін атап өткен жөн. Қысқа мерзім ішінде Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің алаңы азаматтық қоғам мен билік арасындағы тиімді диалог алаңына айналды. Осы құрылымның жұмысының нәтижесінде «Бейбіт митинг туралы», «Сайлау туралы», «Саяси партиялар туралы» заңдарға бірқатар оң өзгерістер енгізілді. Сонымен қатар, азаматтардың реформалары мен ұсыныстарын ынталандыру үшін онлайн-петиция институты енгізілді. Қазіргі уақытта онлайн-петициялар азаматтардың саяси қатысуының ең танымал нысандарының бірі болып табылады.

ҰҚСК 6-шы отырысында ел Президенті әлеуметтік реформалардың жаңа пакетін ұсынды. Бірінші пакет жергілікті әкімдердің сайланатындығына өзгерістер енгізуге қатысты болды. ҰҚСК мүшелерінің пікірінше, орта арнаулы білімі бар азаматтарға ауыл әкімдері қызметіне өз кандидатурасын ұсынуға рұқсат беру қажет: «Қазір ауылдарда демократия орнаған. Бұл өзгеріс оны одан әрі дамыту үшін қажет, сайлаудың қол жетімді болуы үшін, адамдар бұл сайлауды одан да танымал ете алуы үшін қажет» [14].

Сонымен қатар, Қ.Тоқаев орта білім беру ұйымдарының жетіспеушілігіне қатысты пікір білдірді, әкімдерге жаңа мектептер салу үшін жер телімдерін бөлу мәселелерін шешуді тапсырды. Білім беру саласының мәселелері үнемі ҰҚСК күн тәртібіне кіреді. Осы құрылым жұмысының 2 жылында көптеген оң реформалар жүргізілді – «болашақ ұстаздар мен медицина қызметкерлері, сондай-ақ докторанттар үшін шәкіртақылар арттырылды. ЖОО оқытушыларының жалақысы артты». Ашықтықты қамтамасыз ету және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде бәсекелі орта құру үшін мемлекеттік білім беру гранттарын қаржыландыру жүйесін өзгерту ұсынылды.

Кезекті отырыс барысында Мемлекет басшысы бюджеттік жоспарлаудың тиімділігін арттыру, банктердің кепілдік саясатын жетілдіру, қызметтің барлық салаларына цифрлық технологияларды енгізу жөніндегі шараларды да атап өтті. Қ. Тоқаев сөйлеген сөзінде Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің қызметіне жоғары баға берді: «Өз қызметінің басынан бастап ол түрлі ұсыныстар өміршеңдікке бастапқы тексеруден өтетін, пысықталып, ел үшін қажетті реформаларға айналатын тиімді алаңға айналды. Кеңестің бастамаларын іске асыру шеңберінде 90-нан астам нормативтік-құқықтық актілер, соның ішінде заңдар, Президенттің Жарлықтары, Үкімет қаулылары, министрліктердің бұйрықтары қабылданды. Осы көрсеткіштердің өзінен ҰҚСК жұмысының жоғары өнімділігін көруге болады» [15].

ҰҚСК қызметін егжей-тегжейлі талдау үшін осы саяси институттың әлсіз және күшті жақтарын, сондай-ақ мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлерін бағалау қажет.

1-кесте. ҰҚСК қауіптері мен мүмкіндіктері

КҮШТІ ЖАҚТАРЫ	ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫ
<p>1. ҰҚСК ҚР Президенті басқарады;</p> <p>2. ҚР Президенті мемлекет басшысының кеңес мүшелерінің әрқайсысымен кездесуін ұйымдастырады;</p> <p>3. ҰҚСК мүшелерінің эксперттілігі;</p> <p>1. ҰҚСК билік пен қоғам арасындағы көпір болып табылады, сол арқылы халық саяси шешімдер қабылдауға ықпал ете алатынын көрсетеді;</p> <p>2. Азаматтық қоғамды дамыту;</p> <p>3. ҰҚСК мүшелерінің салыстырмалы түрде жас болуы;</p> <p>4. ҰҚСК мүшелерін ротациялау.</p>	<p>1. ҰҚСК-ны азаматтық қоғам емес, билік бастамашылық етті;</p> <p>2. Билік ҰҚСК-да қоғамның мүдделерін кім білдіретінін өзі шешеді;</p> <p>3. Қазақстандық практикада орын алған консультативтік-кеңесші құрылымдардың функцияларын қайталау;</p> <p>4. ҰҚСК барлық әлеуметтік топтардың мүдделерін білдірмейді;</p> <p>5. ҰҚСК-да өңірлерден қоғамдық пікір көшбасшылары ұсынылмаған;</p> <p>6. ҰҚСК қабылдаған шешімдер міндетті емес — ҰҚСК саяси шешімдер қабылдауға ықпал етуге өкілеттігі жоқ;</p> <p>7. ҰҚСК ішіндегі көзқарастар қақтығысы;</p> <p>8. ҰҚСК-ның ағымдағы жұмысы туралы ашық қолжетімділікте ақпараттың болмауы.</p>
МҮМКІНДІКТЕР	ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР
<p>1. Жұртшылық, саяси партиялар, үкіметтік емес сектор және мемлекеттік органдар өкілдері арасында сындарлы диалогты қамтамасыз ету;</p> <p>2. Саяси шешімдер қабылдау процестерінің ашықтығы;</p> <p>3. Саяси реформалар;</p> <p>4. Халықтың билікке деген сенімінің артуы;</p> <p>5. Нормативтік-заңнамалық базаны демократияландыру және соның салдары;</p> <p>6. ҰҚСК жұмысы туралы хабардар ететін ашық бірыңғай ақпарат көзін құру.</p>	<p>1. Егер ҰҚСК қабылдаған шешімдер іске асырылмаса немесе халықты қанағаттандырма-са, онда билік енді наразылықты басқара алмайтын сценарий болуы мүмкін;</p> <p>2. Егер диалог құру бойынша ғана жұмыс жүргізілетін болса, ҰҚСК тиімділігінің төмендігі, нәтижені де көрсету қажет;</p> <p>3. ҰҚСК қоғамның нақты пікірін білдірмейді.</p>

Жүргізілген SWOT талдау нәтижесінде ҰҚСК-ның күшті жақтары сөзсіз оның эксперттілігі болып табылатыны, сондай-ақ ҰҚСК-ны ҚР Президенті басқаратыны, сол арқылы қабылданған шешімдердің беделі ұғынылатыны байқалады. Дегенмен, ҰҚСК-ның күшті жақтарының басымдығына қарамастан, билік енді ҰҚСК-ның орнына келетін Ұлттық Құрылтайдың жаңа қоғамдық алаңының құрамын қалыптастыру және өкілеттілігін беру кезінде ескеруі қажет қауіп-қатерлер бар [16]. Өңірлердің ҰҚСК-дағы әлсіз өкілдігін, сондай-ақ азаматтық белсенділер санының аздығын назарға алу қажет. Бұл институтқа деген сенімсіздіктің дәлелі, ұсынылған кандидаттардың көпшілігі ҰҚСК-ға қатысудан бас тартты, осылайша осы органға сенімсіздіктерін білдірді. ҰҚСК-ға деген сенімнің төмен деңгейі, сондай-ақ ашық ақпарат көздерінде осы институттың ағымдағы үздіксіз жұмысы туралы ақпараттың аз болуымен байланысты болуы мүмкін.

Өкінішке орай, қайғылы қаңтар оқиғалары ҰҚСК-ның осындай ұзақ уақыт бойы жұмыс істегеніне қарамастан, халық ешқашан жұмыстың нақты нәтижелерін көрмегенін, азаматтардың әлеуметтік-экономикалық әлауқатының деңгейі тез төмендей бергенін көрсетті. Мұнда ҰҚСК-ның әлсіз

жағы айқын көрінеді – оның отырыстарында қабылданған шешімдер тек ұсынымдық сипатқа ие.

Нәтижелер.

Президент Қ. Тоқаев алғашқы Жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру туралы жариялады. Содан бері екі жылдан астам уақыт өтті және бүгінгі күні мемлекеттік аппарат пен халық арасындағы өзара қарым-қатынастардың жоспарлы трансформациясы байқалуда. Оң саяси реформалар ретінде келесілерді атап өтуге болады:

1. 25.05.2020ж. «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Заң қабылданды;

2. 02.06.2020 ж. «Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы» қабылданды;

3. 02.01.2021 ж. «Экологиялық кодекс» қабылданды;

4. 21.01.2021 ж. «Тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану ережелері» бекітілді, бұл зейнетақы жинақтарын тұрғын үй сатып алу немесе ипотекалық қарызды өтеу үшін, сондай-ақ денсаулықты жақсарту мақсатында пайдалануға мүмкіндік береді;

5. «ҚР сайлау туралы» Заңына өзгерістер енгізілді. Түзетулермен аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін тікелей сайлау бекітілді. Парламент Мәжілісіне саяси партиялардың өту шегін 7%-дан 5%-ға дейін төмендету бойынша нормалар енгізілді. Сонымен қатар, сайлау бюллетеніне «барлығына қарсы» бағаны енгізілді;

6. «Саяси партиялар туралы» Заңға өзгерістер енгізілді. Түзетулермен әйелдер мен жастар үшін кемінде 30% мөлшерінде квота енгізіледі. Сонымен қатар, қазір саяси партияны тіркеу үшін оның құрамында 40 000 мүше емес, 20 000 мүше болуы керек;

7. 2020 жылғы қаңтарда «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақыларды тағайындау және төлеу қағидаларына» өзгерістер енгізілді. Енді көп балалы отбасыларға төленетін жәрдемақы мөлшері кәмелетке толмаған балалардың санына байланысты және отбасының табысына байланысты емес.

2020 жылы <https://otinish.kz/kk/> бірыңғай онлайн-петиция институты іске қосылды, ол азаматтарға реформалар мен ұсыныстарды өз бетінше бастамалауға мүмкіндік береді.

Қабылданған нормативтік құқықтық актілер оң әлеуметтік-экономикалық салдарға әкелетіні сөзсіз. Осылайша, 200 000-нан астам қазақстандық зейнетақы жинақтарын тұрғын үй жағдайларын және денсаулығын жақсартуға пайдаланды [17].

Қабылданған шараларға қарамастан, елімізде түйінін шешу үшін азаматтық қоғамды тарту қажет бірқатар мәселелер бар екені даусыз. Мемлекет басшысының мемлекеттік органдарды халықпен қарым-қатынасқа бірнеше рет шақырғанына қарамастан, шенеуніктер бұл тапсырмаларды құлықсыз немесе қанағаттанарлықсыз орындап отыр. Шындығында бұл келесідей

көрінеді: билік халықтың өтініштерін «естідік» деп айтады, бірақ содан кейін мәселелерді шешу үшін ешқандай әрекет жасалмайды.

Халықпен өзара іс-қимылдың цифрлық арналары пайда болды, іс жүзінде барлық шенеуніктердің әлеуметтік желілерде аккаунттары бар, тиісінше сұраныстар ағыны өсті. Өкінішке орай, бұл мәселелерді жаппай шешуге ықпал етіп отырған жоқ.

Қазақстандағы Amnesty International құқық қорғау ұйымының пікірі бойынша «Бейбіт жиналыстар туралы» Заңның қабылдануына қарамастан, саяси белсенділерді қудалау тоқтаған жоқ: «Марафон кезінде саяси баннерлер мен бос қағаз парақтары үшін қарапайым адамдар қамауға алынды. Бұл теріс қылықтар 2020 жылы да жалғасып, тіпті күшейе түсті, себебі үкіметтің COVID-19 пандемиясына реакциясы сынға ұшырады» [18].

Қорытынды

Батыс елдері маңызды саяси міндеттерді шешу үшін жұртшылықты бұрыннан тартып келеді. Мұндай процестер инновациялық шешімдерді қалыптастыруға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде экономиканың дамуына оң әсер етеді. Басты мақсаты – әділ қоғам құру болып табылатын қоғамдық алаңдардың жұмысы азаматтық қоғамның дамуына ықпал етеді. Көптеген елдерде демократиялық қоғам құрудың кепілі азаматтық қоғамды дамыту жөніндегі нормативтік-заңнамалық актілер болып табылады. Мысалы, Эстонияда бұл «Эстонияның азаматтық қоғамын дамыту тұжырымдамасы», ол билік пен қоғамның өзара әрекеттесу формаларын анықтайды, Францияда азаматтық сектордың жұмысын сонау 1901 жылы қабылданған «Бірлестіктер туралы заң» үйлестіреді [10, 94 б.]. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту 2020 жылы қабылданған «Азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасымен» реттеледі. «Тұжырымдама азаматтық қоғам мен оның институттарын дамыту үшін жағдайлар жасау, болып жатқан қоғамдық-саяси процестерді, экономикалық бәсекелестікті, пікірлер плюрализмін, азаматтық белсенділіктің нысандары мен әдістерінің алуан түрлілігін ескере отырып, азаматтарды мемлекет пен қоғамның негізгі міндеттерін талқылауға және шешуге тарту жөніндегі шараларды айқындайды. Азаматтық қоғам адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясында және азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде жарияланған, пікір білдіру және бейбіт жиналыстар өткізу бостандығына құқықтарды міндетті түрде сақтай отырып, құқықтық, демократиялық, әлеуметтік және «Халық үніне құлақ асатын» мемлекетті құру үшін негізгі базистерінің бірі бола отырып, мемлекетпен және бизнеспен тең құқықты және сындарлы әріптестікке негізделуі тиіс» [19].

Ел Президентінің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыруға бастама жасаған уақытынан бері екі жылдан астам уақыт өтті және қазірдің өзінде билік пен қоғам арасында байланыс орнату жағына қарай оң ілгерілеу байқалуда: Мемлекет басшысы мемлекеттік органдарды әлеуметтік желілер арқылы халықпен байланыс орнатуға міндеттеді, ҰҚСК

мүшелері күн тәртібінде қарауға өзекті мәселелерді шығарады, «е-петиция» онлайн-петициялардың бірыңғай платформасы жұмыс істейді. Дегенмен, қол жеткізілген нәтижелермен тоқтап қалуға болмайды – қоғамдық кеңес мемлекет пен қоғам арасындағы диалогты жетілдіру үшін одан әрі дамытуды талап етіп отыр. Бұл міндетті шешу үшін ҰҚСҚ қызметін жариялау бойынша тиімді ақпараттық саясат жүргізу ғана емес, сондай-ақ жалпы әлеуметтік желілер арқылы азаматтарды халықпен жұмыс нәтижелері туралы хабардар ету қажет. Бұдан басқа, мемлекеттік органдарға жүгіну бөлігінде халықпен түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Көбінесе, сауатсыздыққа байланысты адамдар өз мәселелерін шешу үшін қандай мемлекеттік құрылымдарға жүгіну керектігін білмейді. Нәтижесінде, мәселе шешілмейді және халық мемлекеттің әрекетсіздігін айыптайды. Мемлекеттік қызметшілердің халықпен қарым-қатынас деңгейі әлі де күрделі мәселе болып қала береді – көптеген шенеуніктер коммуникацияның рөлін бағаламайды және бұл процесті жанама нәрсе ретінде қарастырады, осылайша мемлекеттің күш салуына нұқсан келтіреді. Қоғамдық сенімді қалыптастыруда өкілді органдар да маңызды рөл атқарады. Еуразиялық интеграция институты жүргізген зерттеулер көрсеткендей, мәслихаттарға деген сенім 10 балдық шкала бойынша 4,52 балл деңгейінде тұр, бұл төмен көрсеткіш болып табылады және халықтың сенімсіздігінің салдарын көрсетеді.

Осылайша, кез-келген қоғамның дамуы үкіметтің ашық жұмысына, сондай-ақ белсенді азаматтар мен азаматтық қоғам өкілдерінің әлеуетіне тікелей байланысты деген қорытынды жасауға болады. Диалогтық алаңдар мен ашық диалог құру арқылы ғана «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» негізі қалануы мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Протесты весны-лета в Казахстане: что было и к чему приведет? Обзор реанимации политической жизни в стране// URL: <https://vlast.kz/politika/34386-protesty-vesny-leta-v-kazahstane-cto-eto-bylo-i-k-chemu-privedet.html> (қаралған күні:13.12.2021)
2. Трагедия, которая «разбудила общество». Год после гибели пяти сестер// URL:<https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-one-year-after-fire-killed-five-sisters/30416429.html> (қаралған күні:13.12.2021)
3. Послание Главы государства К.Токаева народу Казахстана. Конструктивный диалог - основа стабильности и процветания Казахстана // URL:https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomartatokaeva-narodu-kazahstana (қаралған күні:13.12.2021)
4. Логика теории современной демократии и проблемы ее реализации / Ж.М.Абдильдин, Р.Ж.Абдильдина. – Астана: Фолиант, 2014. – 344 с. – С. 152-160
5. Сила власти в доверии народа. О.М.Гараев. Вестник Башкирского государственного университета. 2015. Т.20. №2. С.677
6. Доклад о глобальной конкурентоспособности. Как положить конец потерянному десятилетию роста производительности// URL:<https://www3.weforum.org/docs/WEF-TheGlobalCompetitivenessReport2019.pdf> (қаралған күні:25.12.2021)
7. Модернизация общественно-политических отношений в контексте концепции Слышащего государства: монография / под общ. ред. Е.Б. Саирова. – Нур-Султан, 2020. – 260 с.
8. Государство слышащее. Активное и инициативное (Лилия Сыздыкова)// URL:https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35199467&pos=39;-32#pos=39;-32 (қаралған күні: 24.12.2021)

9. Культура политического диалога власти и общества. Л.В. Комарова. Коммуникология. Политические коммуникации и власть. 2014: №3. Т.5. С. 37
10. Казахстанская модель общественного диалога: анализ и перспективы: монография / под общ. ред. Е.Б. Саирова. – Нур-Султан, 2020. – 244 с.
11. Концепция «Слышащее государство»: от слов к действию // URL:<https://strategy2050.kz/ru/news/kontseptsiya-slyshashchee-gosudarstvo-ot-slov-k-deystviyu/> (қаралған күні:26.12.2021)
12. ULTTYQ KENES: Хроника. Особенности. Результаты. / Под ред. Шаукуновой З.К. – Нур-Султан: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2020. – 212 с
13. Первое заседание Национального совета общественного доверия. Как это было // URL: <https://informburo.kz/novosti/pervoe-zasedanie-nacionalnogo-soveta-obshchestvennogo-doveriya-tekstovaya-translyaciya.html> (қаралған күні:13.01.2022)
14. Заседание НСОД. Какие реформы ждут страну в ближайшее время// URL: <https://khabar.kz/ru/news/politika/item/136902-zasedanie-nsod-kakie-reformy-zhdut-stranu-v-blizhajshee-vremya> (қаралған күні: 13.02.2022)
15. Выступление Главы государства К. Токаева на VI заседании Национального совета общественного доверия// URL: <https://www.akorda.kz/ru/vystuplenie-glavy-gosudarstva-k-tokaeva-na-vi-zasedanii-nacionalnogo-soveta-obshchestvennogo-doveriya-16104216> (қаралған күні:15.01.2022)
16. Ерлан Карин: Ұлттық құрылтай – новая общенациональная диалоговая платформа// URL: <https://inbusiness.kz/ru/news/erlan-karin-ulttyk-kuryltaj-novaya-obshhenacionalnaya-dialogovaya-platforma> (қаралған күні:20.04.2022)
17. Сколько казахстанцев купили жилье на пенсионные накопления без ипотеки// URL:<https://inbusiness.kz/ru/last/skolko-kazahstancev-kupili-zhile-na-pensionnye-nakopleniya-bez-ipoteki> (қаралған күні: 17.01.2022)
18. «Слышащее государство» Токаева и его политические заключенные// URL: <https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-political-prisoners-updated-list/30832201.html> (қаралған күні:17.01.2022)
19. Об утверждении Концепции развития гражданского общества в Республике Казахстан. Указ Президента Республики Казахстан от 27 августа 2020 года № 390// URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2000000390> (қаралған күні: 17.01.2022)

REFERENCES:

1. Protesty` vesny`-leta v Kazakhstane: chto e`to by`lo i k chemu privedet? Obzor reanimaczi politcheskoj zhizni v strane [Spring-summer protests in Kazakhstan: what was it and what will it lead to? Overview of the resuscitation of political life in the country]// URL: <https://vlst.kz/politika/34386-protesty-vesny-leta-v-kazahstane-cto-eto-bylo-i-k-cemu-privedet.html> (Access:13.12.2021)
2. Tragedia`, kotoraia` razbudila obshestvo. God posle gibeli pia`ti sester [The tragedy that "woke up the society". The year after the death of five sisters]// URL:<https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-one-year-after-fire-killed-five-sisters/30416429.html> (Access:13.12.2021)
3. Poslanie Glavy\ gosudarstva K.Tokaeva narodu Kazakhstana. Konstruktivni` dialog-osnova stabil`nosti i procvetania\ Kazakhstana [Address of the Head of State K. Tokayev to the people of Kazakhstan. A constructive dialogue is the basis for the stability and prosperity of Kazakhstan]// URL:https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazakhstana (Access:13.12.2021)
4. Logika teorii sovremennoi` demokratii i problemy` ee realizacii [The logic of the theory of modern democracy and the problems of its implementation] Zh.M.Abdil`din, R.Zh. Abdil`dina. – Astana: Foliant, 2014. – 344 с. – С. 152-160
5. Sila vlasti v doverii naroda [The strength of power lies in the trust of the people] O.M.Garaev. Bulletin of the Bashkir State University. 2015. T.20. №2. P.677
6. Doklad o global`noi` konkurentosposobnosti. Kak polozhit` konec poteria`nnomu desia`tiletii` rosta proizvoditel`nodti [Global Competitiveness Report. How to end a lost decade of productivity growth]// URL:https://www3.weforum.org/docs/WEF_TheGlobalCompetitivenessReport2019.pdf (Access:25.12.2021)
7. Modernizacia` obshestvenno-politicheskikh otnoshenii` v kontekste koncercii Sly`shash`ego gosudarstva [Modernization of socio-political relations in the context of the concept of the "Listening State"]:monograph/edited by E.B.Saиров.– Nur-Sultan, 2020. – 260 p.
8. Gosudarstvo sly`shash`ee. Aktivnoe i iniciativnoe [Listening State. Active and initiative] (Liliiia` Sy`zdykova)// URL:https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35199467&pos=39;32#pos=39;32 (Access:24.12.2021)
9. Kul`tura politcheskogo dialoga vlasti i obsh`estva [The culture of political dialogue

between government and society] L.V.Komarova. Communicology. Political communications and power. 2014: №3. T.5. P. 37

10. Kazhstanskaia' model obsh'estvennogo dialoga: analiz i perspektivy': monografiia' [Kazakhstanian model of public dialogue: analysis and perspectives: monograph edited by E.B. Sairov. – N-Hur-Sultan, 2020. – 244 p.

11. Konceptiia' «Sly'shash'ee gosudarstvo»: ot slov k deistviu' [The concept of a Listening state: from words to action]// URL:<https://strategy2050.kz/ru/news/kontseptsiiya-slyshashchee-gosudarstvo-ot-slov-k-deystviyu> (Access:26.12.2021)

12. ULTTYQ KENES: Hronika. Osobennosti. Resultaty' [ULTTYQ KENES: Chronicle. Peculiarities. Results]/ edited by Shaukenova Z.K. – Nur-Sultan: Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan, 2020. – 212 p

13. Pervoe zasedanie Nacional'nogo soveta obsh'estvennogo doveriia. Kak e'to by'lo [First meeting of the National Council of Public Trust. How was it]// URL:<https://informburo.kz/novosti/pervoe-zasedanie-nacionalnogo-soveta-obshchestvennogo-doveriya-tekstovaya-translyaciya.html> (Access:13.01.2022)

14. Zasedanie NSOD. Kakie reformy zhдут stranu v blizhai'shee vremia' [Meeting of the National Council of Public Trust. What reforms await the country in the near future]// URL:<https://khabar.kz/ru/news/politika/item/136902-zasedanie-nsod-kakie-reformy-zhdut-stranu-v-blizhajshee-vremya> (Access:13.02.2022)

15. Vy'stuplenie Glavy' gosudarstva na VI zasedanii Nacional'nogo soveta obsh'estvennogo doveriia' [Speech by the Head of State K. Tokaev at the 6th meeting of the National Council of Public Trust]// URL:<https://www.akorda.kz/ru/vystuplenie-glavy-gosudarstva-k-tokaeva-na-vi-zasedanii-nacionalnogo-soveta-obshchestvennogo-doveriya-16104216> (Access:15.01.2022)

16. Erlan Karin: Ul'ttyq Qurultay – novaia obshenacional'naia dialogovaia platforma [Erlan Karin: Ul'ttyq Qurultay – new dialogue platform]// URL:<https://inbusiness.kz/ru/news/erlan-karin-ul'ttyk-kuryltaj-novaya-obshenacionalnaya-dialogovaya-platforma> (Access:20.04.2022)

17. Skol'ko kazakhstancev kupili zhil'e na pensionny'e nakopleniia' bez ipoteki [How many Kazakhs bought housing for pension savings without a mortgage]// URL:<https://inbusiness.kz/ru/last/skolko-kazakhstancev-kupili-zhile-na-pensionnye-nakopleniya-bez-ipoteki> (Access:17.01.2022)

18. «Sly'shash'ee gosudarstvo» Tokaeva i ego politicheskie zakliu'chennie [«Listening State» of Tokaev and his political prisoners]// URL: <https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-political-prisoners-updated-list/30832201.html> (Access:17.01.2022)

19. Ob utverzhdenii Konceptii razvitiia' grazhdanskogo obsh'estva v Respublike Kazakhstan. Ukaz Prezidenta Respubliki Kazakhstan ot 27 avgusta 2020 goda № 390 [On approval of the Concept of Civil Society Development in the Republic of Kazakhstan. Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated August 27, 2020 № 390]// URL:<https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2000000390> (Access:17.01.2022)